IV МОДУЛЬ ЖҰМЫСТА

# 1-сабақ
# Сіз қайда тұрасыз?

## 1. Тыңдаңыз. Оқыңыз.

| | |
|---|---|
| мекенжай | көше |
| пәтер | даңғыл |
| қабат | ықшамаудан |
| кіреберіс | орналасқан |
| қала | |

Сіз қайда тұрасыз?
Сіздің мекенжайыңыз қалай?
Сіз нешінші үйде тұрасыз?

Сіздің мекенжайыңыз қалай?
Сенің мекенжайың қалай?
Оның мекенжайы қалай?
Менің мекенжайым

## 2. Сұхбатты оқыңыз.



– Гауһар, сіздің мекенжайыңыз қалай?

– Менің мекенжайым Қарағанды қаласы Абай көшесі, 34-үй, 24-пәтер.



## 3. Тыңдаңыз, бос орынды толтырыңыз.

– Сіздің ____________ қалай?

– Менің ____________: Қарағанды__________, Н.Әбдіров ________, 46-_________, 53-_________.

– Сенің ____________ қалай?

– Менің ____________: Нұр-Сұлтан ________, Қ.Сәтбаев _________, 16-_________, 146-______________.



LIVEWORKSHEETS

## 4. Үлгінің көмегімен мекенжайыңызды жазыңыз.

**Менің мекенжайым:**

Нұр-Сұлтан қаласы,

Абылай хан даңғылы,

15-үй, 3-кіреберіс,

4-қабат, 146-пәтер.

**Менің мекенжайым:**

____________________

____________________

____________________

____________________

Сіз қайда тұрасыз?
Сен қайда тұрасың?
Ол қайда тұрады?
Мен ...... тұрамын.

## 5. Сұхбатты оқыңыз, есте сақтаңыз.





– Ақнұр, қайда тұрасың?

– Мен Қ.Аманжолов көшесі, 28-үй, 16-пәтерде тұрамын.

– Әмірхан, қазір өзің қайда тұрасың?

– Мен Бұқар жырау даңғылы, 70-үй, 56-пәтерде тұрамын.

– Пәтерің нешінші қабатта?

– 3-қабатта.

## 6. Бос орындарды толтырыңыз.

Мадина, қайда __________?

Мен Абай __________ тұрамын. Өзің қайда __________?

Мен Бұқар жырау __________ тұрамын.

__________ қайда __________?

__________ Н.Әбдіров даңғылында __________.

тұрасыз | даңғылында | тұрасың | мен | сіз | көшесінде | тұрамын



LIVEWORKSHEETS

## 7. Берілген сөйлемдерге сұрақ қойыңыз.

– ____________________________________________

– Менің мекенжайым: Абай көшесі, 36-үй.

– ____________________________________________

– Мен Абай көшесі, 36-үйде тұрамын.

– ____________________________________________

– 3- қабатта тұрамын.

– ____________________________________________

– Менің досым Оңтүстік-Шығыста тұрады.

– ____________________________________________

## 8. Дайын сөз орамдарының көмегімен сұхбат құрастырыңыз.

Сіз қайда тұрасыз?

Сіз нешінші үйде тұрасыз?

Досыңыз қайда тұрады?

Құрбыңыз қайда тұрады?

Жұмыс орныңыздың мекенжайы қалай?

## 9. Тыңдаңыз, жазыңыз. QR кодтың көмегімен өзіңізді тексеріңіз.

QR-code қосымшасы арқылы тексеріңіз

## 10. Тиісті көмекші сөздерді қойып жазыңыз.

Облыстық соттың__________көпқабатты үйлер бар.

__________облыстық прокуратура орналасқан.

__________экономикалық сот тұр.

алдында

жанында

қасында



LIVEWORKSHEETS